

**«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ  
Басқарма отырысының 2019 жылғы 30 қазандағы №7 шешімінен үзінді**

Ақтөбе қ.

№7 хаттама

2019 жылғы 30 қазан

Басқарма төрағасы: М.К.Телеуов  
Басқарма хатшысы: А.А.Рамазанова

**Отырысқа қатысатын Басқарма мүшелері:**

1. Телеуов Мурат Койшибаевич – Басқарма төрағасы-Ректор;
2. Смагулова Газиза Ажмагиевна – клиникалық және ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор, Басқарма мүшесі;
3. Жаманкулов Бакытжан Сержанович – Атқарушы директор, Басқарма мүшесі.

**Қатыспаған Басқарма мүшелері:**

1. Жамалиева Лаззат Манбетжановна – Оқу-тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор, Басқарма мүшесі (іссапарға байланысты).

Шақырылғандар: Сарашов Аслан Абатович – Директорлар кеңесінің корпоративтік хатшысы; Иманғалиев Ернар Батырович – Экономика және жоспарлау департаментінің жетекшісі; Маканова Карлыгаш Еркиновна – Бас бухгалтер; Жиеналин Ерлан Шуенишбаевич – Заң бөлімінің жетекшісі; Нургалиева Роза Ергалиевна – Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру департаментінің жетекшісі; Султанова Гульнара Достановна – Қоғамдық денсаулық сақтау, стоматология, фармация және мейіргерлік іс факультетінің деканы; абилов Талғар Сатыбаевич – Жалпы медицина факультетінің деканы.

**ОТЫРЫСТЫҢ КҮН ТӘРТІБІ:**

1. «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ-да Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын» талқылау және бекіту.

**ТЫҢДАЛДЫ:**

Е.Ш. Жиеналин – «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ-да Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты» жобасын баяндаған заң бөлімінің жетекшісі.

Талқылаудан кейін Басқарма мүшелері бірауыздан дауыс берді және

**Басқарма ШЕШІМ қабылдады:**

1. «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ-да Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты» жобасын бекіту.
2. «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ-да Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын» 2019 жылғы 01 қазаннан бастап қолданысқа енгізу.

Басқарма хатшысы

А.А.Рамазанова

**«МАРАТ ОСПАНОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН МЕДИЦИНА  
УНИВЕРСИТЕТІ»  
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

**«Марат Оспанов атындағы  
Батыс Қазақстан  
медицина университеті» КеАҚ  
Басқармасының шешімімен  
БЕКІТІЛДІ  
2019 жылғы 30 қазандағы  
№7 хаттама**

**«МАРАТ ОСПАНОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН МЕДИЦИНА  
УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ-ның  
СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САЯСАТЫ**

Коды	Басылым	Құрастырған
С БҚМУ 01-01-17	Екінші	Жиеналин Е.Ш. _____ 2019ж.

Ақтөбе, 2019

## 1. САЯСАТТЫҢ МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ-да (бұдан әрі – Саясат және сәйкесінше Университет) Қазақстан Республикасының (бұдан әрі - ҚР) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына және Университеттің ішкі құжаттарына сәйкес әзірленген.

1.2. Осы Саясат келесілерді белгілейді:

- 1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мақсаттар мен міндеттер;
- 2) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары;
- 3) Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптары және оның орындау бойынша міндеттемелер;
- 4) Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар кешені;
- 5) осы Саясатты сақтау үшін жауапкершілік.

1.3. Осы саясаттың негізгі мақсаты Университетте белгілі бір міндетті мәдениетті қалыптастыру, Университеттің және оның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің мінез-құлықтың жоғары стандарттарына бейілділігін сақтау, іскерлік беделді нығайту және Университетке деген сенімді арттыру болып табылады. Осы Саясат Университеттің ішкі құжаттарымен бірге қарастырылуы керек.

## 2. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

2.1. Осы Саясат Университеттің барлық қауымдастырылған лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерімен танысу және мүлтіксіз сақтау үшін міндетті болып табылады.

2.2. Осы Саясат Университеттің корпоративтік веб-сайтында орналастырылуы тиіс.

## 3. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

3.1. Осы саясатта келесі терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

- 1) **ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы** – «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзге де нормативтік құқықтық актілер;
- 2) **сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг** – Университеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша қабылдайтын шараларының тиімділігіне қатысты ақпаратты жинау, талдау және бағалау жөніндегі Университет қызметі;
- 3) **сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар** - Университет қызметінің оқшауланған саласы үшін белгіленген, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесі;
- 4) **қауымдасқан тұлғалар** - Директорлар кеңесінің, университет Басқармасының мүшелері, агенттер, контрагенттер, еншілес және тәуелді ұйымдар және Университет үшін қызмет көрсететін немесе оның атынан әрекет ететін өзге де тұлғалар;
- 5) **сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау** - Университеттің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептерді анықтау және зерделеу жөніндегі қызметі;
- 6) **лауазымды тұлға** - Университетпен еңбек қатынастарында тұратын және ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындайтын тұлғалар;
- 7) **мүдделер қақтығысы** - аталған тұлғалардың жеке мүдделері олардың өздерінің лауазымдық өкілеттіктерін тиісінше орындамауына әкеп соғуы мүмкін лауазымды тұлғалардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық;
- 8) **сыбайлас жемқорлық** - Университет лауазымды тұлғаларының өз лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер

мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алуы;

- 9) **сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық** - ол үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында жауапкершілік белгіленген сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы кінәлі әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);
- 10) **сыбайлас жемқорлық тәуекелі** - сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;
- 11) **сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл** - Университеттің өз өкілеттіктері шегіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде Университетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарларын жою жөніндегі қызметі;
- 12) **сыбайлас жемқорлықтың алдын алу** - университеттің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу жолымен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі;
- 13) **қызметкерлер** - Университетпен еңбек қатынастарында тұратын жеке тұлғалар.

3.2. Осы Саясатта қолданылатын, бірақ ашылмаған анықтамалар ҚР заңнамасында, университеттің жарғысы мен басқа да ішкі құжаттарында қолданылатын анықтамаларға сәйкес келеді.

#### **4. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ САЛАСЫНДАҒЫ МАҚСАТТАР МЕН МІНДЕТТЕР**

4.1. Университеттегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты атқаратын лауазымына қарамастан, университеттің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерін сыбайлас жемқорлық қызметке тарту тәуекелін барынша азайту болып табылады.

4.2. Осы Саясат қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешуді көздейді:

- 1) университеттің қауымдастырылған, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінде кез келген сыбайлас жемқорлық көріністеріне мүлдем төзбеушілік түсінігін қалыптастыру;
- 2) университетке және оның қауымдастырылған лауазымды тұлғаларына және қызметкерлеріне қолданылуы мүмкін ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының негізгі талаптарын қорыту және түсіндіру;
- 3) университеттің қауымдастырылған, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының, осы саясаттың қағидалары мен талаптарын білу және сақтау міндетін белгілеу, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оны болдырмау бойынша барабар рәсімдерді жүзеге асыру;
- 4) сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және оған қарсы іс-қимыл жасауға, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың салдарларын барынша азайтуға және (немесе) жоюға бағытталған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды әзірлеу және енгізу.

#### **5. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ**

5.1. Университеттегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидастары:

- 1) **сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне мүлдем төзбеушілік** - Университет өз қызметін жүзеге асыру кезінде кез келген нысанда және көріністерде сыбайлас жемқорлықты толық қабылдамау қағидатын ұстанады.

Сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісіне мүлдем төзбеушілік қағидаты университеттің атынан немесе оның мүддесі үшін, тікелей немесе жанама түрде, жеке өзі немесе қандай да бір делдалдық арқылы қандай да бір елде іс жүргізу практикасына қарамастан, сыбайлас жемқорлық әрекеттерге қатысуға университеттің қауымдастырылған, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері үшін қатаң тыйым салуды білдіреді;

- 2) **жоғары басшылықтың бейілділігі және оны орнату** - университеттің Директорлар кеңесі сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік мәдениетін қалыптастыруда және Университетте сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жүйесін құруда негізгі рөл атқарады. Университеттің Директорлар кеңесі мен Басқармасының мүшелері сыбайлас жемқорлықтың кез келген нысандарына және барлық деңгейлерде ымырасыз қарым-қатынас туралы мәлімдеуі, осы қағидатты жеке мысалда көрсетуі, сақтауы және іске асыруы тиіс;
- 3) **қызметкерлерді тарту** - Университет өзінің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерін ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының ережелері туралы хабардар етеді және олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар мен рәсімдерді қалыптастыруға және іске асыруға белсенді қатысуын қолдайды;
- 4) **жазаның бұлтартпастығы** - университет өзінің лауазымдық міндеттерін атқару кезінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаған жағдайда атқаратын лауазымына, жұмыс өтіліне және өзге де жағдайларға қарамастан университет қызметкерлерін жазалаудың бұлтартпастығы туралы мәлімдейді;
- 5) **осы Саясаттың заңдылығы және ҚР қолданыстағы заңнамасына және жалпы қабылданған нормаларға сәйкестігі** - Университет ҚР және қызмет жүргізетін немесе жүргізуді жоспарлайтын өзге де елдердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын қатаң сақтайды және оның кез келген әрекеті немесе әрекетсіздігі қолданыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың нормаларына қайшы келмейді;
- 6) **сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі рәсімдердің мөлшерлес болуы** - Университет университет қызметінде туындауы мүмкін сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне мөлшерлес, университетті, оның қауымдастырылған, лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерін сыбайлас жемқорлық қызметіне тарту ықтималдығын азайтуға мүмкіндік беретін бақылау рәсімдерін әзірлейді және енгізеді;
- 7) **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы рәсімдердің тиімділігі** - Университет рәсімдерді барынша ашық, айқын, орындалатын етуге тырысады, бұл оларды іске асырудың қарапайымдылығын және маңызды нәтижеге қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Университет қолданыстағы бақылау рәсімдерінің тиімділігін бағалауды жүзеге асырады және тиімсіз болған жағдайда оларды жетілдіреді;
- 8) **тиісті сақтық** - Университет іскерлік/еңбек қатынастарын бастау немесе жалғастыру туралы шешім қабылдау алдында үшінші тұлғалар мен жұмысқа орналасуға үміткерлерді олардың сенімділігі, сыбайлас жемқорлықты қабылдамау және мүдделер қақтығысының болмауы тұрғысынан тексеруді жүзеге асырады;
- 9) **мониторинг және бақылау** - Университет сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің жай-күйіне мониторинг жүргізеді, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл бойынша енгізілген рәсімдердің сақталуын және олардың тиімділігін бақылайды;
- 10) **өзара іс-қимыл және үйлестіру** - Университет мемлекеттік органдармен және университеттің қауымдастырылған/үшінші тұлғаларымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет саласындағы өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл процесінде іс-қимылды үйлестіруді қамтамасыз етеді.

## **6. ҚР СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ЗАҢНАМАСЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ ЖӘНЕ ОНЫ ОРЫНДАУ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР**

6.1. ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына сәйкес жауапкершілік көзделген сыбайлас жемқорлық қылмыстар/құқық бұзушылықтар мыналар болып табылады (бірақ санамаланғандармен шектелмейді):

- 1) егер аталған әрекеттер өзінің қызмет бабын пайдаланумен байланысты болса лауазымды тұлғаның сеніп тапсырылған бөтен мүлікті меншіктеуі немесе үнемдемеуі;
- 2) егер аталған әрекеттер өзінің қызмет бабын пайдаланумен байланысты болса лауазымды тұлғаның 2) Қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге де мүлікті заңдастыруы (жылыстатуы) ;
- 3) егер осы іс-әрекет өзінің қызмет бабын пайдаланумен байланысты болса, лауазымды тұлға жасаған экономикалық контрабанда;
- 4) лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану, билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану;
- 5) кәсіпкерлік қызметке заңсыз қатысу;
- 6) пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу;
- 7) қызметтік жалғандық;
- 8) қызмет бойынша әрекетсіздік;
- 9) билікті теріс пайдалану, билікті асыра пайдалану немесе әрекетсіздік;
- 10) немқұрайлылық;
- 11) жеке және заңды тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы беруі;
- 12) лауазымды тұлғаның заңсыз материалдық сыйақы алуы;
- 13) бұрын сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған тұлғаларды жұмысқа қабылдау.

6.2. Университет, оның қауымдастырылған, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері Сыбайлас

жемқорлыққа қарсы заңнаманың нормаларын, сондай-ақ Университет қызметін жүзеге асыратын немесе жүзеге асыруды жоспарлайтын кез келген елдерде осы Саясаттың қағидаттары мен талаптарын сақтауға міндетті. Осы саясатты іске асыру кезінде Университет оның қауымдастырылған, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне тікелей немесе жанама түрде, жеке өзі немесе үшінші тұлғалар арқылы сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қатысуға, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық әрекеттерін жасауға тыйым салынатынын, сондай-ақ:

- 1) пара беруді ұсыну, уәде ету немесе жүзеге асыру, яғни, қандай да бір тұлғаны өзінің лауазымдық міндеттерін тиісінше орындамауға итермелеу ниетімен кез келген қаржылық немесе өзге де пайданы/артықшылықты беру немесе беруге уәде беруді;
- 2) пара алуды талап ету, қабылдауға келісу немесе қабылдау, яғни өз лауазымдық міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін кез келген қаржылық немесе өзге де пайда/артықшылықты алу немесе оған келісім беруді;
- 3) қолданыстағы заңнамада көзделгендерден басқа төлемдерді ұсыну, уәде ету немесе жүзеге асыру, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаларға, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдарға, оның ішінде шетелдік лауазымды тұлғаларға белгіленген рәсімдерді жылдамдатқаны немесе жеңілдеткені үшін сыйлықтар беруді;
- 4) төлемдер белгіленген рәсімдерді жеделдету немесе жеңілдету үшін пайдаланылуы мүмкін деген күдік болған кезде үшінші тұлғаларға төлемдерді ұсыну, уәде беру немесе жүзеге асыруды;
- 5) жеке пайда табудың орнына Университетте жұмысқа орналасуды ұсыну, уәде беру немесе ұсынуды (оның ішінде уақытша негізде);
- 6) қауымдасқан/үшінші тұлғалардан артық немесе жалған төлемдерді қабылдауға ықпал ету немесе қабылдауды;

- 7) ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарына және Университеттің ішкі құжаттарына қайшы келетін сыйлықтарды немесе қонақжайлылық белгілерін сыйлау немесе алуды негізге алады.
- 6.3. Университеттің лауазымды тұлғалары өзінің кәсіби қызметінде келесі тәртіп нормаларын қатаң сақтауы тиіс:
- 1) ҚР Заңнамасының және осы Саясаттың талаптарын орындау;
  - 2) іскерлік қарым-қатынаста адал және әдепті болу, лауазымдық міндеттерді жүргізудің кез келген жосықсыз тәсілдерінен аулақ болу;
  - 3) Университеттің беделін түсіруге қабілетті іс-әрекеттерді жасауға жол бермеу;
  - 4) Университеттің қызметтік жағдайын, құпия және инсайдерлік ақпаратын, материалдық және материалдық емес активтерін жеке мақсатта пайдаланбау;
  - 5) заңсыз әрекеттерге не олардың заңдылығы мен әдептілігіне күдік тудыруы мүмкін әрекеттерге жол бермеу;
  - 6) әріптестерден сыбайлас жемқорлыққа қарсы жоғары құқықтық мәдениетті сақтауды талап ету және қолдау;
  - 7) кәсіпкерлік қызметті және (немесе) табыс алумен байланысты өзге де қызметті жүзеге асыру барысында біреуге көмек көрсетуден бас тарту;
  - 8) басқа қызметкерлерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға итермелемеу және осындай әрекеттерді көтермелемеу;
  - 9) мүдделер қақтығысы болған кезде лауазымдық міндеттерді жүзеге асырмау.
- 6.4. Университет қызметкерлері:
- 1) университет мүддесі үшін немесе оның атынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаудан және (немесе) оған қатысудан аулақ болуға;
  - 2) университет мүддесі үшін немесе оның атынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға немесе оған қатысуға дайын болу ретінде айналасындағылар түсіндіруі мүмкін мінез-құлықтан аулақ болуға;
  - 3) қызметкердің мүдделер қақтығысының туындауы немесе туындауы мүмкін екендігі туралы тікелей басшыға хабарлауға міндеттенеді.
- Өз іс-әрекеттерінің дұрыстығына қатысты немесе кез келген басқа мінез-құлық нормалары бойынша күмән туындаған жағдайда университеттің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері тікелей басшыға, жетекшілік ететін ректордың орынбасарына, университеттің Басқарма Төрағасы-Ректорына жүгіне алады.

## **7. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ШАРАЛАРЫ**

- 7.1. Университетте сыбайлас жемқорлықтың алдын алу тұрақты негізде келесі негізгі шараларды қолдану арқылы жүзеге асырылады:
- 7.1.1. Университет қызметкерлерінің бойында:
- 1) Университет қызметкерлерімен түсіндіру әңгімелерін жүргізу.
  - 2) Басшылық университетте анықталған фактілер және Бар болған жағдайда сот шешімдері туралы Университет қызметкерлерінің назарына жеткізу;
  - 3) Құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлері, білім алушылар, сондай-ақ университет ПОҚ үшін ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының нормаларын түсіндіру бойынша жыл сайынғы оқыту семинарларын өткізу.
  - 4) Кадрлық жұмыс практикасына лауазымды тұлғаның өзінің қызметтік міндеттерін ұзақ, мінсіз және тиімді орындауы оны жоғары тұрған лауазымға тағайындау кезінде немесе оны көтермелеу кезінде міндетті түрде ескерілуге тиіс қағидаларды енгізу.
  - 5) Университет қызметкерімен және үшінші тұлғалармен Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін кез келген әдістермен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды, теріс пайдаланушылықты және басқа да заңға қарсы әрекеттерді жасауға қатысты белгілі фактілер немесе күдіктер туралы

хабарлау құқығын қамтамасыз ету арқылы сыбайлас жемқорлық әрекетіне төзбеушілікті қалыптастыру.

## **8. ҮШІНШІ ТҰЛҒАЛАРДЫ ТАРТУ ЖӘНЕ ҮШІНШІ ТҰЛҒАЛАРҒА ТӨЛЕМДЕРДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ**

8.1. Университет ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының қағидаттары мен талаптарын, осы Саясатты бұзатын немесе университет үшін іскерлік беделін жоғалту тәуекелін тудыратын үшінші тұлғаларды тартудан тартынады.

8.2. Үшінші тұлғалармен іскерлік ынтымақтастықты бастау немесе жалғастыру туралы шешім

қабылданар алдында университеттің үшінші тұлғаларды тартуға бастамашы болған тиісті құрылымдық бөлімшелері келесілерге міндетті:

- 1) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнамасында белгіленген рәсімдерді сақтау;
- 2) мынадай рәсімдерді жүргізу арқылы сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне үшінші тұлғалардың мониторингін жүзеге асыру (қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей):
  - өзінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттары мен рәсімдерінің болуын тексеру, осы Саясаттың талаптарын сақтауға және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында өзара ынтымақтастықты жүзеге асыруға дайын болу;
  - іскерлік беделді және мүдделер қақтығысының болмауын тексеру;
  - жалған кәсіпкерлік, сенімділік, салықтық және өзге де берешектің, ақша қаражаты көзінің болуын, сондай-ақ қылмыстық жолмен алынған қаражат жөнелтілетін заңды құзыретін тиісті уәкілетті мемлекеттік органдар мен ұйымдарға (ҚР Қаржы министрлігі, ҚР Ұлттық Банкі және басқалар) сұрау салулар жіберу арқылы тексеру;
- 3) нысаны мен мазмұны осы Саясатқа 1-қосымшада келтірілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпені жасалатын мәмілелерге енгізу. Университет өз тарапынан сыбайлас жемқорлық фактілері анықталған жағдайда үшінші тұлғалармен мәмілелерді бұзу құқығын өзіне қалдырады;
- 4) осы Саясаттың қағидаттары мен талаптары туралы үшінші тұлғаларды хабардар ету.

8.3. Университет үшінші тұлғалар мен контрагенттердің бірлескен кәсіпорындар бойынша

сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттар мен рәсімдерді, сондай-ақ мінез-құлық стандарттарын қабылдауын күптайды.

## **9. СЫЙЛЫҚТАР МЕН ӨКІЛДІК ШЫҒЫНДАР**

9.1. Университет іскерлік сыйлықтар мен іскерлік қонақжайлылық шығындарына қатысты

адалдық пен ашықтық атмосферасын қолдайды.

9.2. Іскерлік сыйлықтармен алмасу және өкілдік шығындарды, оның ішінде үшінші тұлғалармен университеттің іскерлік қонақжайлылығын жүзеге асыру мынадай өлшемшарттарға сәйкес келуі тиіс:

- 1) ҚР қолданыстағы заңнамасының нормаларына, өкілдік шығындар мәселелері бойынша Университеттің ішкі құжаттарына толық сәйкес келу;
- 2) ақылға қонымды негізделген, өлшемге сәйкес болуы тиіс, қолма-қол немесе қолма-қол емес ақша қаражаты, бағалы қағаздар, бағалы металдар болып табылмауы және ақша қаражатының өзге де түрлері немесе баламалары болып табылмауы, сондай-ақ сән-салтанат нысанасы болып табылмауы тиіс;



- 3) қызмет көрсеткені, әрекеті, әрекетсіздігі, салғырттығы, қамқорлығы, құқықтар бергені, мәміле, келісім, лицензия, рұқсат беру туралы белгілі бір шешім қабылдағаны және т.б. үшін жасырын сыйақы немесе өзге де заңсыз немесе әдепке жат мақсатта алушыға ықпал етуге әрекет жасамау;
- 4) университет, оның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері үшін іскерлік беделінің жоғалуына әкелуі мүмкін тәуекел жасамау.

9.3. Университет жүзеге асыратын сатып алудың кез келген әлеуетті қатысушысынан сыйлықтар мен қонақжайлық белгілерін қабылдауға тыйым салынады. Іскерлік сыйлықтың немесе іс-шараның осы Саясаттың талаптарына сәйкестігіне күмән туындаған жағдайда, университеттің лауазымды тұлғасы немесе қызметкері тікелей басшымен немесе университеттің Басқарма төрағасы-Ректорының жетекшілік ететін проректорымен кеңесуі керек.

## **10. САЯСИ ҚЫЗМЕТКЕ ҚАТЫСУ**

10.1. Университет саяси қызметке ашық лауазымды адамдардың немесе өзге де адамдардың университет қызметін сақтауға немесе кеңейтуге әсер ететін немесе егер осындай қатысуды осындай әсер ету әрекеті ретінде қабылдау мүмкін болатын шешімдер қабылдауына ықпал ету мақсатында тікелей немесе жанама түрде қатыспайды.

10.2. Университет өз қызметінде артықшылық алу немесе оны сақтау мақсатында саяси партияларды, қоғамдық бірлестіктерді қаржыландыруды дербес немесе өзінің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері арқылы жүзеге асырмайды.

10.3. Университеттің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес құрылған қоғамдық бірлестіктерге, сондай-ақ мақсаты өз қызметінде университет үшін артықшылық алу немесе сақтау болып табылмайтын Халықаралық қоғамдық бірлестіктерге қатысуға құқылы.

10.4. Университеттің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне қоғамдық бірлестіктерге қатысу кезінде университет өз қызметінде артықшылық алу немесе оны сақтау мақсатында университет атынан ұсынуға, беруге, уәде беруге немесе төлем жасауға, мүлік салуға, сыйлықтар беруге және т.б. тыйым салынады.

10.5. Университеттің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері қоғамдық бірлестіктерге қатысқаны үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес дербес жауапты болады.

## **11. МЕМЛЕКЕТТІК ФУНКЦИЯЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА УӘКІЛЕТТІК БЕРІЛГЕН АДАМДАРҒА, СОНДАЙ-АҚ ОЛАРҒА ТЕҢЕСТІРІЛГЕН АДАМДАРҒА, ОНЫҢ ІШІНДЕ ШЕТЕЛДІК ЛАУАЗЫМДЫ АДАМДАРҒА**

11.1. Университет өзі үшін немесе өз қызметкерлері мен лауазымды адамдары арқылы жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдар, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдар, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдар үшін, оның ішінде шетелдік лауазымды адамдар, олардың жақын туыстары үшін университет үшін коммерциялық артықшылықтар алу мақсатында кез келген шығыстарды төлеуді дербес немесе өз қызметкерлері мен лауазымды адамдары арқылы жүзеге асырмайды, оның ішінде көлік, тұру, тамақтану, ойын-сауық, PR-кампаниялар және т.б. шығындар немесе университет есебінен басқа да пайда табу.

11.2. Ақпарат пен мөлшері ашық қолжетімді мемлекеттік қызметтер үшін ресми алымдарды қоспағанда, Университет рәсімділікті оңайлатқаны үшін тікелей немесе өзінің агенттері арқылы сыйақы төлеуді жүзеге асырмайды.

11.3. Университеттің лауазымды адамдары мен қызметкерлері мемлекеттік қызметшілермен өзара іс-қимыл кезінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына сәйкес дербес жауапты болады.

## **12. ДЕМЕУШІЛІК ЖӘНЕ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ**

12.1. Жалғыз акционері Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі болып табылатын Университет демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету мәселелері бойынша өз қызметін тек қана Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы шеңберінде жүзеге асырады.

12.2. Университет лауазымды тұлғалар мен қызметкерлерге өз атынан қайырымдылық және/немесе демеушілік көмек көрсетуге тыйым салмайды.

### **13. АКТИВТЕРДІ САТЫП АЛУ ЖӘНЕ ИЕЛІКТЕН ШЫҒАРУ, ҚОСЫЛУ ЖӘНЕ ЖҰТЫЛУ БОЙЫНША УНИВЕРСИТЕТТІҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ ШЕҢБЕРІНДЕ МӘМІЛЕЛЕР ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ МӘМІЛЕЛЕР ЖАСАУ**

**13.1.** Университет инвестициялық қызметті жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының инвестициялық заңнамасын, сондай-ақ университеттің ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

**13.2.** Активтерді сатып алу және иеліктен шығару бойынша мәмілелерді, бірігу және қосып алу мәмілелерін жоспарлау, осы мәмілелердің орындылығы туралы алдын ала шешім қабылдау кезінде Университет объектінің қызметін кешенді тексеруді (duediligence), оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелінің болу белгілерін анықтау мақсатында мәмілеге дейін/кейін сенімділігін тексеруді жүргізеді. Осы тексерудің нәтижелерін болжамдалған мәмілені жүзеге асыру туралы түпкілікті шешім қабылдау кезінде университеттің басқармасы/Директорлар Кеңесі қарайды.

**13.3.** Егер тексеру нәтижелері бойынша мәміле аяқталғаннан кейін университет сатып алатын сыбайлас жемқорлық тәуекелі және онымен байланысты университет үшін әлеуетті экономикалық және беделдік залал мәміленің экономикалық пайдасынан асып кетсе, мұндай мәмілені жасау туралы шешімді Университет басқармасы/Директорлар кеңесі қабылдайды.

13.4. Сатып алынатын активтегі сыбайлас жемқорлық тәуекелінің деңгейіне қарамастан, Университет Басқармасының/Директорлар кеңесінің мәмілені жүзеге асыру туралы тиісті шешімі қабылданғаннан кейін Университет сатып алынатын активте Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты, университетте қабылданғанға ұқсас рәсімдер мен мінез-құлық стандарттарын енгізу бойынша барлық ақылға қонымды шараларды қабылдайды.

### **14. ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ**

14.1. Университет кадрлық шешімдер қабылдау кезінде объективтілік және адалдық қағидаттарын ұстанады. Қызметкерлерді жалдау, бағалау, жоғарылату және жұмыстан босату кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында Университет:

1) белгіленген тәртіппен персоналды іріктеу мен жалдаудың ашық рәсімдерін және лауазымға тиісті біліктілік талаптарын әзірлейді және бекітеді;

2) еңбек қатынастарын бастау немесе жалғастыру туралы шешім қабылдау алдында олардың сенімділігі және мүдделер қақтығысының болмауы тұрғысынан жұмысқа орналасуға кандидаттарды тексеруді жүзеге асырады;

3) өзінің негізгі қызмет көрсеткіштері мен кәсіби жетістіктерінің нәтижелілігін негізге ала отырып, персоналдың қызметін бағалауды және сыйақы төлеуді жүргізеді;

4) қызметкердің іскерлік қатынастары мен біліктілігінен шығатын жоғары тұрған лауазымға жылжыту туралы шешімді қабылдайды; қызметкердің іскерлік қасиеттері мен біліктілігіне қарай жоғары тұрған лауазымға жоғарылату туралы шешім қабылдайды;

5) ҚР заңнамасында көзделген негіздер бойынша қызметкермен еңбек қатынастарын бұзу рәсімін жүзеге асырады.

14.2. Лауазымды тұлғалар университетке жұмысқа қабылдау немесе онымен еңбек қатынастарын жалғастыру кезінде осы Саясатқа 2-қосымшаға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдау туралы келісім нысаны бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдайды.

14.3. Университеттің лауазымды адамдарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдамауы лауазымға қабылдаудан бас тартуға немесе лауазымнан шығаруға әкеп соғады, оларды сақтамау, қылмыстық жазаланатын іс-әрекет және әкімшілік құқық бұзушылық белгілері болмаған жағдайда, өкілеттікті тоқтату үшін негіз болып табылады.

## **15. БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІ**

15.1. Университет білім беру-ғылыми және басқа да әлеуметтік маңызы бар қызметтерді көрсету сапасын үнемі арттыру және «университет-оқытушы – студент» өзара іс-қимыл жүйесінде төрешілдік кедергілерге жол бермеу қағидаттарын ұстанады және қызметкерлерден:

1) өз білім деңгейін үнемі арттырып, отандық және шетелдік тәжірибе мен ғылым жетістіктерін зерделей отырып, кәсібилікке ұмтылуды талап етеді;

2) өзінің кәсіби және жалпыадамзаттық мінез-құлқымен айналадағы адамдарға үлгі болуға тиіс;

3) білім алушылар үшін еңбек тәртібінің, өз университетіне, оның дәстүрлеріне, тарихына құрметпен және ұқыпты қараудың жеке үлгісі болу;

4) білім алушыларға қатысты өз лауазымдық өкілеттіктерін теріс пайдаланбау, білім алушыларға біржақты қарауға және олардың білімін бағалау кезінде субъективизмге жол бермеу;

5) әріптестер мен студенттердің қадір-қасиетін түсірмеуге, әдепсіз сөздерді қолдануға, таныстық пен бойкүндік танытпауға;

6) университет әкімшілігінің шешімдері және оның бөлімшелерінің қызметі туралы жалған ақпарат таратпауға;

7) білім алушылардан сыйлықтар немесе ақшалай сыйақы қабылдамауға;

8) плагиат және басқа академиялық бұзушылық фактілеріне жол бермеуге;

9)өзінің қызметтік міндеттерін орындай отырып, жоғары мәдениетті, жауапкершілікті, адал ниетті, академиялық адалдық пен объективтілікті көрсету, әріптестермен және студенттермен қарым-қатынаста өзара сыйластық, әдептілік, тілектестік қағидаттарын басшылыққа алу.

## **16. МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫН БОЛДЫРМАУ ЖӘНЕ ШЕШУ**

16.1. Мүдделер қақтығысын басқару сыбайлас жемқорлыққа қарсы маңызды тетіктердің бірі болып табылады. Университет мүдделер қақтығысына байланысты тәуекелдерді іске асырудың алдын алуға және оларды реттеуге көп көңіл бөледі.

16.2. Университеттің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері өздерінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде университет мүдделерін басшылыққа алуға және олардың жеке мүдделері университет мүдделеріне қайшы келетін жағдайлардан немесе жағдаяттардан аулақ болуға міндетті.

Мүдделер қақтығысы туындаған (немесе оның туындау мүмкіндігі) жағдайда университеттің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері осы ақпаратты университеттің тікелей басшысына немесе жоғары тұрған басшылығына жазбаша түрде жеткізуге міндетті.

16.3. Директорлар кеңесінің төрағасы немесе университет Басқармасының Төрағасы лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердің өтініштері бойынша немесе басқа көздерден ақпарат алған кезде тиісті ден қою шараларын уақтылы қабылдауға, оның ішінде тиісті материалдарды университеттегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі комиссияға беруге міндетті.

16.4. Университет міндетті түрде үлестес тұлғаларды есепке алуды, сондай-ақ ҚР Заңнамасының және университеттің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес университет инсайдерлерінің тізімін жүргізуді жүзеге асырады.

## **17. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІН СӘЙКЕСТЕНДІРУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ**

17.1. Университет жыл сайын сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сәйкестендіреді, бағалайды, сондай-ақ оларды азайту бойынша шаралар әзірлейді.

17.2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сәйкестендіру және бағалаудың мақсаты сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтамау тәуекелдеріне ұшыраған және университеттің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің жеке пайда алу мақсатында да, сондай-ақ университеттің пайда алу мақсатында да сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасау ықтималдығы жоғары университеттің қызмет түрлері мен бизнес-процестерін анықтау болып табылады.

17.3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сәйкестендіру, бағалау сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау негізінде жүргізіледі.

17.4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг мынадай шараларды қамтиды, бірақ төмендегілермен шектелмейді:

1) университеттің негізгі ішкі құжаттарына және олардың жобаларына оларда сыбайлас жемқорлықтың (сыбайлас жемқорлық факторларының) пайда болуы үшін себептер мен жағдайларды жасауға ықпал ететін ережелердің болуы тұрғысынан сараптама жүргізу және оларды жою бойынша ұсыныстар әзірлеу;

2) өзінің ішкі құжаттарын сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың өзгеретін талаптарына жедел сәйкестендіру мақсатында университеттің қызметіне ықпал ететін ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының, сондай-ақ шет мемлекеттердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының мониторингі;

3) университеттің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері тарапынан сыбайлас жемқорлық көріністері фактілері бойынша жеке және заңды тұлғалар өтініштерінің статистикасын зерделеу;

4) бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдарға мониторинг жүргізу.

17.5. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау объектісі университеттің құрылымдық бөлімшесінің қызметі болып табылады және мыналарды қамтиды:

1) бизнес-процестің «сыни нүктелерін» анықтау, оларды іске асыру кезінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туындауы ықтимал;

2) құрамы төмендегілерді қамтитын Сыбайлас жемқорлық схемаларының сипаттамасы:

➤ университет немесе оның жекелеген лауазымды адамдары мен қызметкерлері сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған кезде алуы мүмкін пайда немесе артықшылық сипаттамасы;

➤ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау үшін «түйінді» болып табылатын университеттегі лауазымдар;

➤ сыбайлас жемқорлық төлемдерін жүзеге асырудың ықтимал нысандары.

3) ішкі бақылау рәсімдерінің болуын немесе болмауын анықтау, қолданыстағы бақылау рәсімдерінің тиімділігін бағалау.

17.6. Кез келген сыбайлас жемқорлық схемасы үшін тәуекелге төзімділіктің нөлдік деңгейі қабылданды және әрбір жағдайда Университет ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайту бойынша шаралар әзірлейді.

17.7. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау және сәйкестендіру, оларды азайту бойынша шараларды әзірлеу тәртібі университеттің ішкі құжаттарымен реттеледі.

## **18. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ СТАНДАРТТАРДЫ ӘЗІРЛЕУ, СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

18.1. Университет мақсаты қызметтің оқшауланған саласында сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесін белгілеу болып табылатын Сыбайлас

жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлейді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар университеттің ішкі құжаттарын әзірлеу кезінде ескеріледі.

18.2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлеу міндеттері:

1) университетте жұмыс істейтін адамдарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлықты қалыптастыру;

2) сыбайлас жемқорлық көріністерін дер кезінде анықтау және олардың жағымсыз салдарының алдын алу болып табылады.

18.3. Университетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру білім беру, ақпараттық және ұйымдастырушылық сипаттағы шаралар кешені арқылы жүзеге асырылады.

18.4. Университет жұмыскерлерін оқытуды және тестілеуді өткізуді қоса алғанда, қолданыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың, осы саясаттың қағидаттары мен нормаларын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы өзге де ішкі құжаттарды ақпараттандыру және түсіндіру бойынша іс-шараларды жүзеге асырады.

18.5. Университет барлық қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат пен рәсімдерді қалыптастыруға белсенді қатысуын қолдайды.

## **19. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМАЛАР**

19.1. Егер университетте лауазымды тұлға немесе университет қызметкері жасаған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық орын алғаны туралы қандай да бір куәлік болса, бұл туралы ақпарат Университеттің корпоративтік веб-сайтында орналастырылған университеттің «жедел желісіне» не өзінің тікелей немесе жоғары тұрған басшысына және (немесе) университет басшылығына дереу хабарлау керек, сондай-ақ, университеттің барлық ғимараттарында, студенттік жатақханаларда және университет клиникаларында орналасқан «сенім жәшіктерінде» өтініштерді қалдыруға болады.

19.2. Хабарламаларды беру тәртібі, қарау процедурасы және басқа ережелер университеттегі құпия ақпарат саясатында көрсетілген.

## **20. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ ҚЫЗМЕТТІК ТЕРГЕП-ТЕКСЕРУЛЕР**

20.1. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы барлық хабарламалар бойынша университетте тиісті құрылымдық бөлімшелердің және (немесе) университеттің комиссияларының қатысуымен ақылға қонымды мерзімде тексеру не қызметтік тергеп-тексеру жүргізіледі.

20.2. Егер қызметтік тергеп-тексеру нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық фактісі анықталған жағдайда, сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне мүлдем төзбеушілік қағидатын негізге ала отырып, еңбек қатынастарын бұзуға және материалдарды тиісті уәкілетті мемлекеттік органдарға беруге дейін түзету шараларын қабылдау, сондай-ақ бақылау рәсімдерін жетілдіру тергеп-тексеруді аяқтау болып есептеледі.

## **21. ӨЗАРА ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ**

21.1. Университет:

1) сыбайлас жемқорлық белгілері бар бұзушылықтарды жасау жағдайлары туралы хабардар ету;

2) сыбайлас жемқорлық белгілері бар бұзушылықтарға тергеу жүргізу кезінде жәрдемдесу;

3) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау мәселелері бойынша университет қызметіне тексеру жүргізу кезінде үйлестіру және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл бойынша бірлескен іс-шараларды әзірлеу;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың мәселелерімен байланысты уәкілетті мемлекеттік органдар мен ұйымдардың сұрау салулары бойынша кеңестерге (кездесулерге) қатысу/түсініктемелер беру мақсатында өзара түсіністік қағидаты негізінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдармен және ұйымдармен, қауымдастырылған және үшінші тұлғалармен ынтымақтасады.

## **22. ЖАУАПКЕРШІЛІК**

22.1. Университеттің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жауаптылықта болады.

22.2. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін тиісті жауапкершілік шаралары қолданылған университеттің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері, Қазақстан Республикасы сотының заңды күшіне енген шешімі бойынша болмаса, университетке материалдық залалды өтеуден босатылмайды.

22.3. Осы Саясаттың талаптарының орындалуына университеттің лауазымды тұлғалары, қызметкерлері және құрылымдық бөлімшелері өз құзыреті шегінде жауапты болады.

22.4. Университеттің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері осы Саясатқа 3-қосымшада көзделген нысан бойынша өзінің осы саясатты адал орындау міндеттемесін растауға міндетті.

«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан  
медицина университеті» КеАҚ -дағы  
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы  
іс-қимыл саясатына  
1-қосымша

## **СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ЕСКЕРТПЕНІҢ НЫСАНЫ МЕН МАЗМҰНЫ**

1. «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ (бұдан әрі – Университет) Шарттың екінші тарабын университеттегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының (бұдан әрі – Саясат) қағидаттары мен талаптары туралы хабардар етеді. Шарт жасасу арқылы екінші Тарап университеттің саясатымен танысқанын растайды. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар өз жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарын сақтауға және сақтауын қамтамасыз етуге, сондай-ақ Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын халықаралық актілерде және шет мемлекеттердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамалық актілерінде көзделген сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасамауға міндеттенеді.

2. Шарт мақсатында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға пара беру не алу кезінде жасалатын қасақана іс-әрекеттер, ақша, құндылықтар, сыйлықтар және өзге де мүлік немесе мүліктік, жеке немесе моральдық сипаттағы көрсетілетін қызметтер түрінде пайда алу мақсатында коммерциялық сатып алу не Тараптар қызметкерінің өз қызмет жағдайын тараптардың заңды мүдделеріне қайшы өзге де заңсыз пайдалануы, Қазақстан Республикасының не болатын елдің және/немесе бизнес жүргізетін Тараптың сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына сәйкес өзге де мүліктік игіліктер мен артықшылықтар алуы жатады.

3. Тарапта сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық болды немесе болуы мүмкін деген негізделген болжам туындаған жағдайда (сыбайлас жемқорлық қылмыс жасауға байланысты екінші Тараптың қызметкеріне (қызметкерлеріне) қатысты қылмыстық іс қозғау туралы ақпарат не сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы өзге де анық ақпарат алған кезде), мұндай Тарап бұл туралы басқа Тарапты тиісті фактілерді (бұдан әрі - хабарлама) көрсете отырып, жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді және екінші Тараптан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық болмағаны немесе болуы мүмкін еместігі туралы растау алынғанға дейін шарт бойынша міндеттемелерді орындамауға құқылы. Көрсетілген Растауды екінші Тарап хабарлама алынған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде ұсынуы тиіс.

4. Университет сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны туралы анық ақпарат алған кезде және осы баптың ережелері сақталған кезде екінші Тарапқа тиісті жазбаша хабарлама жібере отырып, Шартты біржақты тәртіппен толық немесе ішінара орындаудан бас тартуға, сондай-ақ екінші Тараптан Шартты бұзудан келтірілген залалдың өтелуін талап етуге құқылы.

Н П БҚМУ 01-01-17 -01-19. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпенің нысаны мен мазмұны. Екінші басылым.

«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан  
медицина университеті» КеАҚ -дағы  
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы  
іс-қимыл саясатына  
2-қосымша

Осы нысанды «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ-да (бұдан әрі - Университет) Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасында және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдағаныңызды растау үшін пайдаланыңыз.

Университетте еңбек және/немесе лауазымдық міндеттерді орындау күнінен бастап келісімнің толтырылған және қол қойылған нысаны университеттің лауазымды тұлғаларының жеке ісінде сақталады.

## **СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ШЕКТЕУЛЕРДІ ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ НЫСАНЫ**

Мен, \_\_\_\_\_  
(Тегі, Аты, Әкесінің аты)

\_\_\_\_\_  
(лауазымын көрсету)

ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының, университеттегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының талаптарын сақтау, менің өкілеттілігімді жеке, топтық және өзге де қызметтік емес мүдделерде пайдалануға алып келуі мүмкін әрекеттерді жасауға жол бермеу мақсатында:

- 1) өз функцияларын орындаумен сыйыспайтын қызметті жүзеге асыру;
- 2) лауазымды тұлғалардың өздерінің жақын туыстарымен (ата-аналары (ата-анасы), балалары, бала асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-қарындас-сіңлілері, атасы, әжесі, немерелері), ерлі-зайыптылар мен жекжаттардың (жұбайының аға-інілері, апа-қарындас-сіңлілері, ата-аналары мен балалары) бір бөлімшеде болатын лауазымда болуына жол бермеу (ерлі-зайыптылар)) немесе-егер бөлімшелер әртүрлі болса - лауазым олардың жақын туыстары атқаратын лауазымдармен функционалды (бизнес-процестер бойынша) байланысты;
- 3) мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында ресми таратылуға жатпайтын ақпаратты пайдалану;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымдық өкілеттіктерін атқаруына байланысты сыйлықтарды қабылдау бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдаймын.



Н П БҚМУ 01-01-17 -02-19. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдау туралы келісім нысаны. Екінші басылым.

«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан  
медицина университеті» КеАҚ -дағы  
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы  
іс-қимыл саясатына  
3-қосымша

Осы нысанды «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ-да (бұдан әрі - Университет) Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын адал ұстануға және мүлтіксіз сақтауға міндеттенетінізді растау үшін пайдаланыңыз.

Университетте еңбек және/немесе лауазымдық міндеттерді орындаған сәттен бастап толтырылған және қол қойылған растау нысаны университеттің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің жеке ісінде сақталады.

### РАСТАУ

Тиісті ұяшықтарды белгілеңіз

- Мен университетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын оқығанымды растаймын;
- Мен ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасында, университетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатында белгіленген талаптарды қатаң сақтауға міндеттенемін;
- Мен ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын, университеттегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын бұзған жағдайда, мені жауапкершілікке тартуы, оның ішінде ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен атқаратын лауазымынан босатуы мүмкін екендігі туралы хабардармын.

Осында қол қойыңыз

\_\_\_\_\_ ТАӘ, лауазымы

Н П БҚМУ 01-01-17 -03-19. Растау. Екінші басылым.

